

ОҚУШЫЛАРДА КӘСІБИ-ЕҢБЕК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сейтбаттол Сәуле
ПМПУ студенті, Павлодар қ.

Джуматаева А.И.
ПМПУ аға оқытушысы, Павлодар қ.

Аннотация *тәжірибелік бағдарлық білім беру*. (кәсіп, еңбек, мамандық, тұлғалық қасиеттер, білім беру, тәрбиелеу).

Аннотация *инновационно-ориентированное образование*. (*профессия, труд, специальность, качества личности, образование, воспитание*)

Annotation. *innovation-oriented education*. (*profession, labor, specialty, personality traits, education, upbringing*)

Қазақстан Республикасының білім беру саласының алдындағы іргелі міндетінің бірі – еліміздің ерекшеліктерін ескере отырып, жастарға терең білім мен нақты кәсіп иесі болатындай икемділік пен дағдыны, қоғамның белсенді мүшесінен талап етілетін тәрбие беру ісін одан әрі дамыту және жетілдіру болып отыр. Қоғамның әрбір мүшесі бәсекеге сәйкес келетін білім алуына жағдай жасалынуы тиіс.

Адам дамуының ең басты кепілі - еңбек “Еңбек адамды адам етеді, еңбексіздік адамды надан етеді”, - демекші қарекетсіз еш нәрсе жүзеге аспайды. Батыс мәдениетінде ертеңгі жаңа асуларды алу үшін сен дәл қазір іс-әрекет жасау керексін дейді. Шынымен де, үлкен жетістікті қоя тұрайықшы қарапайым кішігірім іс те еңбексіз іске аспасы анық.

Ертеден батыс емес, өзіміздің қазағымыз да еңбектің бағалығын ғұрыптап, талай дүние айтып кеткен.

Орта ғасырлардағы ұлы ғұламардың бірі оқу-білімнің қажеттілігін айтып өткен Әбу Насыр әл-Фараби еңбекті тәрбиенің бір бөлігі деп санап, еңбек тәрбиесі теориясын ғылым ретінде қарастыруды ұсынды. Дегенмен, еңбекке баулу барысында адам еңбек шеберлігіне үйренеді, одан еңбек ету дағдысы қалыптастырылады,- деген болатын Фараби.

Фарабидің шәкірті, оның ілімін әрі қарай жалғастырушы Ибн Синаның “Фарабидің тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу болды. Өйткені, еңбексүйгіштік, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Ол кімде- кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысқанда ғана нағыз ел адамы бола алады деген өмірлік өсиет қалдырып кетті,”- деген екен.[1]

Қазірде сол міндетті болып саналатын бірден-бір пән ретінде “кәсіптік білім” атты педагогиканың дербес ғылымы ретінде қарастырылады. Ал, жалпы педагогика дегеніміз не осы? Ғылыми тілмен айтсақ, педагогика - жалпы және арнайы білім беру саласында теориялық, практикалық іс-әрекеттің негізі болып табылатын білім берудің мазмұны, формасы мен әдістері туралы ғылым. Осыған сәйкес, оның белгілі бір білім саласы бойынша педагогикалық проблемаларды зерттейтін кәсіби педагогика сияқты дербес саланың болуы заңды құбылыс.

Кәсіби педагогика - қоғам дамуымен біте қайнасқан өзіндік даму тарихы бар ғылым саласы. Ғасырлар бойы жинақталған тәлім-тәрбие тәжірбиесі ұрпақтан ұрпаққа жеткізілсе, мәдениет пен қоғамның дамуына, әлеуметтік тәжірбиенің қорбалы қорының жасалуына ықпалын тигізді. Сөйтіп, өткеннің тәжірбиесін жинақтап дамуға үлесін қосып, бірте-бірте дербес ғылым саласы ретінде қалыптаса бастады.

Кәсіби педагогика қоғамдық құбылыс ретінде кәсіби тәрбие заңдылықтарын, қоғамдық өмірдегі кәсіби тәрбиенің мәні мен рөлін анықтайды. Сондықтан да, ол балалар мен жастардың ғана емес үлкендердің де тәрбиесі жайлы ғылым болып саналады[2].

Кәсіби педагогиканың мәнін толық түсіну үшін, ең алдымен оның негізгі категориялары мен ұғымдарын қарастыру қажет. Біріншісі - кәсіптік тәрбие ұғымы. “Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекке оның барлық өміріне апат әкеледі”, деп әл-Фараби атамыз босқа айтпаған сірә? Ол тәрбиелеу - жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетеді.

Екіншісі - кәсіби оқыту. Бұл екі жақты үдеріс. Яғни, білім мазмұнын меңгертуге мақсатын негіздеген оқытушы мен сол білім алушылар арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде кездесетін қарама-қайшылықтарды дұрыс анықтап, оқытушы материалды жеткізуімен және әрбір оқушының оны түсінуімен сипатталады. Ал бұл адамның коммуникацияға түсуіне, қарым-қатынасқа бейімделуге ықпал жасайды. Бұл орайда ғұламамыз адам - қоғамның ажырамас бір бөлшегі, ол қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, ол белгілі бір топтың мүшесі деп қарастырады. Адам өмір сүру үшін көптеген нәрсеге мұқтаж болады, мұның бәрін ол жалғыз өзі жасай алмайды. Сондықтан да, ол басқалармен қарым - қатынасқа түсуі қажет дейді.

Үшіншісі - кәсіптік білім. Ол жеке тұлғаның әлем туралы бағдар ала білуін және бейімделуін, еңбек етуде әлеуметтенуінің нақты мамандықты және білік деңгейін меңгеруін, адамның түрлі іс-әрекеттер сапасындағы құзіреттілігін, шеберлігін және дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған үдеріс.

Осы тұрғыдан қарастырғанда, аталған дидактикалық талаптар мазмұндық тұрғысынан әдістемелік жүйенің маңызды, басқарушы функциясы болып саналады. Бұл бірінші кезекте, оқытушыға – оқушылардың басқарылатын және өзіндік басқарылатын іс-әрекеттерін жоспарлау мен ұйымдастыру, олардың өзбетінше жұмыс жасауына бағыт береді. Екіншіден, оқытудың тәрбиелік функциясын – білімнің терең сенімділікке деген, практикалық әрекетін қамтамасыз етеді. Үшіншіден, оқыту үдерісінде оқыту мен тәрбиелеудің интеграциялық сипатын көрсетеді.

Келесі ұғым - кәсіптік қалыптасу. Ол деген жеке тұлғаның кәсіптік білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын, жеке тұлғаның сапаларын, кәсіби іс-әрекетте жүзеге асыруда қол жеткен деңгейі.

Ендігісі - кәсіптік даму - жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекет субъектісі ретінде дамуы, шыңдалуы. Фараби: “Еңбек ету, саналы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет деген ғылыми тұжырымын жасай келе, ол адамды табиғат, адам, жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғарғы сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап оларды өз қажетіне жарата білген, өз ойын айта, түсінікті сөйлей ала білетін саналы орта мүшесі дейді. Сол себепті де кәсіптік даму, алға басу - әр индивидтің маңызды бастамасы болып саналады.

Болашақ оқытушыларды педагогикалық даярлау процесінде олардың әдістемелік іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру мәселесінің орны ерекше. Себебі, жалаң «білімдер, іскерліктер және дағдылар» қалыптастырудан құзыреттіліктер қалыптастыруға көшіп отырған бүгінгі күнгі білім парадигмасына сәйкес ең алдымен оқытушыны бірізділікпен жұмыс жасауға дайындау қажеттігі туады. Ал оның бірізділікпен жұмыс жасай алуы оның аталған даярлықтың, яғни әдістемелік іс-әрекетіне даярлығының қалыптасуымен тығыз байланысты.

Біз кәсіптік білім ғылымның бір бөлшегі деп айтып кеттік. Ғылыммен тікелей байланысты болған соң, өзінің ұғымында “ғылым” түсінігімен байланыстырады. Оның

бірі - ғылым объектісі. Бұл білімнің берілген саласына бағытталған, сол шынайылық ауқымды, құбылыстар мен үдерістер жиынтығы.

Ғылым нысаны әдетте, шынайылықтың айтарлықтай кең аясын білдіреді және өзінің күрделілігі мен көпқырлығы салдарынан, өзінің негіздемесінде барынша әртүрлі ғылымдардың “қатысуын” талап етеді. Объектінің дамуы жан-жақты зерттеу бір ғылыммен ғана шектеле алмайды. Сондықтан да, қазіргі философия мен ғылым әдіснамасында және ғылыми зерттеулерде кез-келген көпаспектілі нысан зерттеуге жаратылыстану не әлеуметтік немесе тағы да басқа ғылымдар жайында ой қозғалып жатқандығына қарамастан пәнаралық, ықпалдастық, жүйелік тұрғысынан келу мәселесі алда тұр. Бірақ, бұл ықпалдастық жеке ғылымның мәртебесін түсіру емес, керісінше, сол әрекеттестік сол пәнаралық ғылыми іздену жүйесіндегі рөлі мен орны барынша көрінуі қарастырылады.

Фарабиден қалған ғылыми еңбек саны жүзден астам. Оның арасында логика мен математика да, музыка мен астрономия да, дәрігерлік сала мен лингвистика да, поэзия-риторика мен педагогика бар. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алады. Философия - меңгеру, білім - тәрбие алу, еңбекке үйрену дей отыра, философияны меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. “Ғылымдар тізбегі”, “Ғылымдардың шығуы ” еңбектерінде ғылымдар неге үйретеді, одан не зерделей аламыз, онымен қоса тәрбиенің тарихи тағылымын, үлгісін болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде тәлім етіп қалдырды. Байқадыңыз ба? Еңбек, педагогика, кәсіптік педагогика. Бұл тек бір ғылым саласынан шығатын нәрсе емес, ол айтып кеткен адамзат баласының өткен дүниесін жинақтаған тарих, болмыс пен сананың заңдылықтары қарастыратын ұшқыр-ойлы - философияның және жүздеген басқа да ғылым салалары мен түрлері негізінде қарастырылатын үлкен таным.

Білікті жұмысшыларды дайындау үнемі маңызды тапсырма болатын, өйткені өндірістің шынайы жетістік деңгейі олардың біліктілік деңгейлеріне тәуелді болды. Сонымен қатар еңбек мазмұнының сараптамасы өнеркәсіптік дамыған көптеген елдерге тән тұрақты тенденцияны көрсетті: біртүрдегі және бірқалыпты жұмыспен, зиянды немесе қауіпті жағдайлардағы өндіріспен байланысты біліктілігі аз еңбек күннен күнге машиналарға және олардың интеллектуалды түрі-роботтарға арқа сүйейді. Аз біліктілікті, айтарлықтай физикалық ауыр жұмысты орындау беделді емес. Еңбек қызметін өзгерту жастар үшін жұмыс түрлерінің тартымдылық қағидаларын нақты ажыратты.

Бірінші орынға *жастардың орындау қызығушылығын, өз күштерін шығармашылық жұмсау мүмкіндіктерін тударытан қызмет шығады.*

Қазіргі таңда еліміздің өндірісі үшін білікті мамандарды дайындаудың маңызды тапсырмасы болып бәрінен бұрын жастарға кәсіби білім берудің жаңа тәсілдерін ойластыру болып табылады. Бұл оқушыларда барлық уақытта қажетті және өндірістің болашақ талаптарын ескеретін қасиеттер қатарын қалыптастырудан бас тартуды білдірмейді. Оларға жатады:

- өндірістік және технологиялық тәртіп;
- құрылғылар мен құралдарға ұқыпты қарау;
- алынған теориялық білімді тәжірибеде қолдана алу;
- өндіріс техникасы мен технологиясы негіздері туралы, кәсіпті меңгеру мен өндірістік біліктіліктің ары қарайғы дамуына қажетті көлемде еңбекті ұйымдастырудың терең және мықты білімінің болуы.

Алайда қазіргі таңда тек осы қасиеттер ғана жеткіліксіз. Жұмыс берушілер сонымен қатар қызметкердің шығармашылық, белсенді әрекет ететін және өндірістің өзгеріс жағдайларына тез бейімделетін тұлға болғандығын қалайды. Басқа сөзбен

айтқанда, өз тағайындамасын тапқан, кәсіби қызметтің жоғары деңгейіне ие, еңбекті жүзеге асыру барысында өзгертін және дамып отыратын, кәсіпке өзінің жеке шығармашылық үлесін тигізетін кәсіпқой-адамның қасиеттері талап етіледі.

Осылайша, білікті мамандарды дайындаудың негізгі бағыты жастарды оқыту ғана болып табылмайды, сонымен қатар өмірдің өзімен белгіленген артықшылықтарды жүзеге асыру. Яғни, қоғам оның жас мүшелерінің қаншалықты көп бөлігі кәсіби білім ала отырып, уақытпен талап етілетін жеке қасиеттердің қажетті жинағымен арнайы дайындықтан өте отырып білікті маманға айналатындығына қызығушылық танытады. Кәсіби білім берудің жаңа мазмұнында келесі қағидалар ескерілуі тиіс:

- адам кәсіби талаптарға қаншалықты сәйкес келеді және кәсіп адамның болжамына, ынтасына, икемділігіне қаншалықты сәйкес келеді;
- адам кәсіп нормалары мен ережелерін қаншалықты деңгейде меңгерді және ол өзінің ерекшелігін көрсетуге, өзін кәсіп арқылы дамытуға тырысады ма;
- адам мансаптық өсуге қол жеткізді ме және өсуге ұмтылады ма, басқа адамдардың кәсіби сындарын қабылдауға дайын ба;
- адам өз жетістігін сандық және сапалық бағалауға қабілетті және дайын ба, және оларды объективті түрде балмен, санатпен анықтай алады ма.

Көріп отырғанымыздай, өзінің өндірістік міндеттерін кәсіби орындау үшін маманға қажетті жеке қасиеттер кешені ұйымдастырылған білім беру жағдайында қалыптасуы мүмкін. Қорытынды мақсатқа бағытталған артықшылықтардың дұрыс таңдалуы маңызды-жаңа көзқарасты жұмысшыны дайындау. Бұл сөздердің астарында өндірушіге қойылатын негізгі талап жатыр: ол (адал болса да) орындаушыға бейжай қарамауы тиіс, тапсырылған іске өз өміріндегі маңызды іс ретінде қарауы керек. Оқушыларда кәсіби-еңбектік қасиеттердің қалыптасуы жоғарыда атап өтілген қағидалар бойынша жүзеге асуы үшін оларды тәрбиелеудің әдістемелік тәсілдері келесі мақсаттарға бағдарлану керек.

1 Қоғамның болашақ жас мүшесі өзін, өз қасиеттерін, нақты сатыдағы өз шамасын тануы, өз қажеттіліктерін, күшті және әлсіз жақтарын анықтауы, өзінің құндылықтар, адамдарға деген қатынастар жүйесін қалыптастыруы керек. Бұл нақты, сонымен қатар еңбектік сипаттағы тапсырмаларды шешу арқылы өз күшін тәжірибелік қолдану процесінде мүмкін болады. Бұл мақсатқа өндірістік білім беру сабақтарында жетеді.

2 Мамандықты меңгеру бойынша бірінші сабақтан бастап оқушылардың отбасыға, қоғамға, жұмысқа қатысты болжалы мен ұстанымы анықталуы керек. Осы ұстанымнан көп жағдайда адамның жеке тағдыры шешіледі. Осы тапсырманы жүзеге асыру оқушыларда кәсіби біліктіліктің талап етілетін деңгейін қалыптастыру арқылы мүмкін болады.

3 Оқушы өзі үшін қоғамдағы немесе үйдегі төленетін және төленбейтін жұмыста өз күшінің қолданылу қағидасын қалыптастыруы маңызды. Жағдайға байланысты прагматик пен альтруисттің органикалық үйлесімі адамгершілік бағдарын анықтайды. Кәсіби білім беру педагогтерінің міндеттеріне оқушыларда осындай қасиеттерді тәрбиелеу кіреді.

4 Белсенді өмірлік ұстаным жеке мәнсаппен тікелей байланысты - өмір бойы иеленетін қызметтер бірізділігімен және жеке жетістікпен, олар әкелетін марапаттаумен және қанағаттанумен. Осы аспектіні жеке тұлғаның қалыптасуында өрескел деп есептей отырып, екі жүзді болудың керегі жоқ. Жастар ересектерден де асқан атаққұмар, сонымен қатар өмір тек қана ақ сызықтардан тұрмайды. Өмірлік қиындықтарды жеңе білу, жағдайды жақсы жаққа өзгерту өзің үшін керек және мүмкіндігінше ертерек өзгерту қажет. Осындай жеке - кәсіби қасиеттерді тәрбиелеу-жастарды өздік еңбек қызметіне дайындаудағы маңызды тапсырма.

5 Кез келген мамандық бойынша дайындық икемділікке, жинақылыққа деген қабілеттің дамуынан тұруы керектігін өмір бірнеше рет растады. Осы қасиеттер мен дағдылар білім мекемесінен келесі сатыға ауысуға байланысты өзгерістерге бейімделу үшін қажет (жағдайға бейімделу қабілеті, икемділік, шешім қабылдау мен мәселелерді шешу қабілеті).

Жастарды ересектердің еңбек өміріне дайындауда жекетұлғаны доминант ретінде дамыту мәселесінде бірінші орынға мамандықты ең жоғарғы деңгейде меңгеру тұрады. Соңғы жылдары көптеген аймақтарда өнеркәсіптің өсуімен бірге білікті жұмысшы кадрларға деген мұқтаждықтың едәуір артқандығы сезіледі. Жұмыс берушілерге жұмысқа қабылданған маманның қандай кәсіби-еңбектік қасиеттерге ие екендігі мүлдем бәрібір емес. Олардың талаптары толықтай заңды және жақын уақытта кәсіби білім берудің барлық деңгейінің оқу мекемелері басшылыққа алуға мәжбүр болатын басымдықтар белгіленеді. Кәсіби білім беру мазмұнын айтарлықтай жаңалау керек, әйтпесе көптеген жағдайларда заманауи өндірісте тек жұмысшылар ғана емес, біліктілігі жоғары жұмысшылар жетіспей жатады.

Қазіргі таңда ол тек жеке бағдарлық қана емес, сонымен қатар тәжірибелік - бағдарлық болуы керек. *Тәжірибелік бағдарлық білім берудің мақсаты* - болашақ маманда кәсіби қызметке толық дайындықты қалыптастыру, кәсіби білім беруде шығармашылық бастаманы күшейту және нәтижесінде – кәсіби біліктілікті қалыптастыру. Дәл осы кәсіби біліктілік жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуға бағытталған, қызмет өнімділігінің деңгейін жоғарылатуға, білімді, дағдыларды жетілдіруге, кәсіптің негізгі әдістемелері мен технологияларын меңгеруге, болашақ жұмысшылардың кәсіби шеберлігінің негізінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Инновациялық әдістеме, біліктілікке негізделген білім беруде қолданылатын модульдік бағдарламалар мүмкіндік береді:

- оқу-тәрбие беру процесіндегі кәсіби білім беру педагогтерінің орны мен рөлін қайта ойлауға;

- білім беру бағдарламаларының мазмұнына қатысты тәсілдерді сапалы түрде қайта қарастыруға;

- білім беретін оқу материалдарын реттеу мен жүйелеуге;

- оқушыларды жай ғана қатысушылар ғана емес, оқу процесін бірге жүзеге асыруда педагогтердің пікірлесі қыла отырып білім алуға деген оқушылардың ынтасын арттыруға[3].

Әрине, кәсіптік педагогика бұнымен шектелмейді. Ең бастысы айтқым келгені - Әбу Насыр әл-Фараби атамыз еңбекті ең бірінші орынға қоя отыра, еңбексіз өмірдің тұл екенін айтып кеткен. Қазақта бір жақсы мақал бар - “Еңбек етпеген адам ішіп-жемге жарамайды, еңбектенген адам ішіп-жемнен тарылмайды”-, дейді. Шынымен де, рас қой?! Бұны мектеп қабырғасынан бастап жас ұрпаққа үйретсек, болашағымыз бұлыңғыр болмас. Қазіргі балапандар ертең-ақ үлкен өмірге қанат қағады. Сол қанатының талар-талмасы сол кезеңге дейінгі жинақталған тәлім-тәрбиесі мен білімімен байланысты. Сондықтан да баланы жастайынан алдымен тәрбиеге кейін білімімен қоса өзінің өмір бойы айналысатын кәсібі мен нәсібін үйренуіне біз педагогтар жауаптымыз!

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлсатов Т.М. Орта ғасырдағы қазақ ғұламаларының тәлім-тәрбиелік идеялары. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.

2. Дүйсембінова Р. Қ. Д87 . Кәсіби педагогика: Оқулық. - Алматы: 2012.

3. Кругликов Г.И. Кәсіби білім беру шеберінің әдістемелік жұмысы: орт.кәсіби білім беру меке.студенттеріне арналған оқу құралы/ Г.И.Кругликов - 4- басылым - М.:Баспа орталығы «Академия», 2016. -160 б.

УДК.347

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ «КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ»

Сейтмағанбетова Г. Б.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.
Қостанай

Ғылым жетекшісі:Жусупова Д. Ж.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.
Қостанай.

Аннотация. Бұл мақалада жалпы білім беретін мектепте «Көркем еңбек» сабағында критериалды бағалау технологиясын қолдану әдістері көрсетілген

Түйінді сөздер: критериалды бағалау, бейнелеу өнері, оқу бағдарламасы, спиралды оқу, көркем еңбек.

Annotation. This article shows how to use the technology of criteria-based assessment in the lesson "Artistic labor" in secondary school

Keywords: criteria-based assessment, fine arts, curriculum, spiral reading, art work

Аннотация. В данной статье показано, как использовать технологию критериальной оценки на уроке «Художественный труд» в общеобразовательной школе.

Ключевые слова: критериальная оценка, изобразительное искусство, учебная программа, спиральное чтение, художественное произведение.

Дүние жүзіндегі елдердің орта білім беру жүйелері «XXI ғасырда сәттілікке жету үшін балалар нені үйренулері керек?» Деген сұрақ қояды. және «оларды үйретудің ең тиімді әдісі қандай?» Бұл мәселелер білім беру бағдарламасымен және оны жүзеге асыру барысында оқытудың тиісті әдіснамасымен тығыз байланысты.

Қазақстан қазірдің өзінде жаһандық сын-қатерлерге сәйкес орта білім беру жүйесін дамыту үстінде. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартында тұжырымдалған білім берудің негізгі құндылықтары мен мақсаттары мектеп бітірушілердің жалпы білім деңгейін көтеруге, жаңашылдық пен көшбасшылықты жүзеге асыру үшін қажетті дағдыларды дамытуға, халықаралық тәжірибені ескере отырып, мектеп білімінің призмасы арқылы ұлттық бірегейлікті дамытуға бағытталған. Жаңартылған білім беру бағдарламасын және критериалды бағалау жүйесін енгізу - алға қойылған мақсаттардың бірі.

Жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі

«Көркем еңбек» интеграцияланған пәнін енгізу,

«Бейнелеу өнері» және «Технология» сияқты пәндерді біріктіреді. Ол кеңістікті және көрнекі бейнелерді, қиял мен байқауды қамтамасыз ететін әр түрлі шығармашылық іс-әрекеттегі көркем және технологиялық білім, білік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.